



Автор: Жадыра Ауталипова Бейсенбаевна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Компьютер және дыбыстар (ортақ тақырып: «Уақыт»)

Тақырып: Дыбысты жазу және ойнату

Дыбысты жазу және ойнату	<ul style="list-style-type: none">• енгізу және шығару құрылғыларын ажырата білу• аудиоплеер мен аудиоредактордың қызметін білу• дыбысты жазу және ойнату мақсатында дыбыстық редактор қолдану• дыбыстық файлды сақтау
--------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Дыбысты жазу және ойнату (7.11.2019)</p>	<p>Жоспар Сабақ кезеңдері мен жоспарланатын уақыт Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер Дереккөздер Сабақтың басы 1-5 мин 6-7 мин 8-11 мин 12-14 15-16 1. Ұйымдастыру кезені Сабақ басында музыка қосып қою. Оқушылармен амандасып олардың сабаққа дайындығын көзбен шолу. Оқушыларды ортаға шығуын сұрап психологиялық тренинг өткізу: «Сәлемдесу» 1.Танымайтың көшедегі адамдармен сәлемдесу 2.Көптен көрмеген досыңмен сәлемдесу 3.10 жылдан кейінгі сыныптасымен сәлемдесу. Сыныпты екі топқа бөлу. «Пазл» әдісі. Кеспе қағаздағысуреттің жартысың тап. 2. Білімді жүйелеу «Домино» ойыны. - Сіздерге домино таратып беремін. Дыбыстық редактордың батырмаларын анықтауқажет. Жұптасып домино ойының ойнайсыздар. Уақыт шектеулі. Дыбыстық редактордың батырмаларын олардың атқаратын міндеттерімен сәйкестендіресіз. Бір-бірін бағалау. Оқушылар, сағат тілімен жылжып «Домино» ойынның нәтижесін тексереді. Тақтаға дұрыс жауап көрсету 3. Мақсатты тұжырымдау - Сіздің ойыңызша, бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? (оқушылар өз жауаптарын береді, содан соң тақтадан сабақтың тақырыбын оқиды). - Дәптерлеріңді ашып, сабақтың тақырыбын жазып алыңыз. Презентация 1 слайд Сабақтың ортасы 17-18 минут 19-20 минут21-24 минут 4. Жаңа тақырыпты алғашқы меңгеру. Талқылау - Өткенсабақта қандай аудиоредактормен таныстыңыз? - Оны қалай іске қосуғаболады? Мультимедиа (Multimedia) - компьютерде дыбысты, ақпаратты,тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшінжинақталған компьютерлік технология. Қауіпсіздік ережесін талқылау«Сұрақ - жауап» - Дыбыс күшейткіш тер мен құлаққаптар адамденсаулығына зиян келтіреме, қалай ойлайсыз? Құлаққап деген заткүнделікті қолданысқа мықтап еніп келеді. Үлкені де, кішісі де құлағынақұлаққап киіп алып, өз әлемінде жүреді. Ал, осы құлаққаптың қаншалықтызияндылығы жөнінде бір сәтке ойланып көрдіңіз бе?! Өздігінен аса зорзиян шектірмесе де, дауыс зорайтқышты неғұрлым қаттырақ қойсаңыз,оның залалы орасан. Жаппай құлаққап тағатын адамдардың есту қабілетікүрт нашарлап кетеді. Құлаққаптың зияны сол, шамадан тыс артықтыңдасаң. Құлақтың нашар естуі сияқты ауруларға тап боласын.Оны көп уақыт пайдалануға болмайды Себебі құлағың соған үйреніп ақыры дұрысестімейтін боласың. Құлаққап тағатын адамдарға құлаққап тағудыңмерзімін азайтып, өзін соған бірте-бірте тәрбиелеуге болады деп айтқымкеледі. Құлаққаптың зиянды екендігін ешқашан есіңізден шығармаңыз. Әрадам денсаулыққа зор ілтипатпен, қамқорлықпен қарай білуі керек. Бастыбайлық – денсаулық екенін ұмытпайық. Сергіту сәті Музыка тыңдату.(«Аяқпенен топ-топ-топ» әні) - Әннің мағынасы нені білдіреді? (билеуді)Оқушылар - Көңіл күйі қандай? (көңілді, көтеріңкі) Практикалық жұмысОқушыларға "Алтын ұям - мектебім" әнің тыңдату. 1. Аудио редактордыіске қосайық 2. Қосылған мультимедиа пайдаланып өлең жазайық. "Алтынұям - мектебім" әнің өзі орындайды. 3. Өлең жазылған файлды MP3, WAVформатында жұмыс үстеліне «Алтын ұям - мектебім» деп сақтап қоюқажет. 4. Сыныптасына өлеңді тыңдату қажет. 5. *** Өзіңнің сүйіктіөлеңінді жаз Бір-бірін бағалау. Оқушылар бір -бірінің өлеңдерін тыңдап керібайланыс береді. Презентация слайд 6 Презентация слайд 7https://www.youtube.com/watch?v=eR7kCG3I8iA https://www.youtube.com/watch?v=1ozzPiAxxZc Сабақтың соңы 38-40 минут Рефлексия “Бір сөзбен” Оқушылар ұсынылған 12 сөздің ішінен өз жай күйлерін нақты жеткізе алатын 3 сөзді таңдап алу керек Ыза, ашу, қуаныш, немқұрайлылық, қанағаттану, қанаттану, Іш пысу, үрей, тыныштық, сенімділік, сенімсіздік, ләззат алу.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=eR7kCG3I8iA https://www.youtube.com/watch?v=1ozzPiAxxZc</p>
---	--	---